

Ұлттық әл-ауқат қорының
борыштық бағалы қағаздарын
сатып алу арқылы
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының қаражаты
есебінен қаржыландыруға
ұсынылатын жалпы ел үшін
маңызы бар жобаларға сараптама
жүргізу, сондай-ақ осындай
жобаларды қаржыландырудың
балама көздерінің бар-жоғын
қарау қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Жобаның бизнес-жоспары мен қаржылық моделіне қойылатын талаптар

Бизнес-жоспарға қойылатын талаптар:

бизнес-жоспарды Microsoft Word форматында және уәкілетті тұлға қол қойған скан-нұсқа түрінде жіберу қажет;

бизнес-жоспарда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс (көрсетілген тәртіппен; егер қандай да бір тармақтар жобаға қолданылмайтын болса, «қолданылмайды» деп көрсетіп, себебін негіздеу қажет):

1. Терминдер мен анықтамалар, бизнес-жоспарды дайындауда пайдаланылған бастапқы құжаттар мен ақпарат көздерінің тізімі.

2. Жоба бойынша негізгі ақпарат:

2.1 жоба бастамашысының атауы;

2.2 жобаның атауы;

2.3 жобаның қысқаша сипаты және стратегиялық мақсаттары;

2.4 жобаның саласы, жобаның 5 таңбалы ЭҚЖЖ;

2.5 жобаның құны және жоба бойынша шығыстар сметасы (ҚРҰҚ-дан қандай шығыстарды қаржыландыру жоспарланғанын көрсете отырып);

2.6 жобаны іске асыру мерзімдері (инвестициялық және пайдалану кезеңдеріне бөле отырып);

2.7 әрбір қаржыландыру көзі бойынша қаржыландыру құрылымы мен шарттары (қаржыландыру түрі (нысаны), сомасы мен валютасы, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу шарттары, жеңілдікті кезеңдер, ковенанттар бойынша ақпаратты қосу қажет);

2.8 жобаның нәтижелері.

3. Институционалдық, құқықтық, ұйымдастырушылық бөлім:

3.1 жоба бастамашысының заңды атауы, БСН, ЭҚЖЖ;

3.2 жоба бастамашысының акционерлері және (немесе) қатысушылары және олардың иелік ету үлестері, бенефициарлар, делдал және еншілес ұйымдар және оларға иелік ету үлестері;

3.3 жоба бастамашысының негізгі менеджменті (лауазымы, білімі, жұмыс тәжірибесі);

3.4 жоба бастамашысы бизнесінің қысқаша сипаты және жоба бастамашысының іске асырылған маңызды инвестициялық жобалары (атауы, қысқаша сипаты, іске асырылған жылы, жобаның құны);

3.5 жобаның басты қатысушылары (бастамашы, кредиторлар мен инвесторлар, бас мердігер және (немесе) негізгі мердігерлер, негізгі өнім берушілер және сатып алушылар, өзгелері);

3.6 рөлдер мен жауапкершілік аймақтары айқындалған жобаның ұйымдастырушылық құрылымы;

3.7 қолданыстағы және осы жобаға қатысы бар қолданылатын қандай да бір заңнамалық, нормативтік және басқа да құқықтық бұзушылықтардың болуы немесе болмауы жөніндегі ақпарат;

3.8 жобаны іске асыру үшін заңнаманы өзгерту қажеттігі жөніндегі ақпарат;

3.9 жобаны іске асыру үшін қажетті рұқсаттарды, шешімдер мен құжаттарды алу мәртебесі;

3.10 жобаның негізгі міндеттерінің (кезеңдерінің) орындалуын бақылау және мониторингтеу жүйесінің қысқаша сипаты.

4. Коммерциялық (маркетингтік) бөлім:

4.1 өндірісте пайдаланылатын негізгі шикізаттың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің түрлері, олардың қуаттарды жүктеудің жоспарлы деңгейіне шыққан кездегі өзіндік құндағы үлесі, сатып алу елі мен валютасы (әрбір түрі бойынша);

4.2 шикізаттың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлері бойынша баға белгілеуге әсер ететін факторлар;

4.3 шикізатты және (немесе) көрсетілетін қызметтерді жеткізу (тасымалдау түрі және жеткізу шарттары);

4.4 шығарылатын өнімнің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлері, олардың қуаттарды жүктеудің жоспарлы деңгейіне шыққан кездегі түсімнің көлемінен үлесі, сату географиясы, өткізу арналары (әрбір түрі бойынша);

4.5 шығарылатын өнімнің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлеріне баға белгілеуге әсер ететін факторлар;

4.6 шығарылатын өнімге және (немесе) көрсетілетін қызметтерге баға және (немесе) тариф белгілеу саясаты;

4.7 шығарылатын өнім және (немесе) көрсетілетін қызметтерді жеткізу (тасымалдау түрі және жеткізу шарттары);

4.8 келісімшарттық пысықталуы: шикізатты және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілермен және шығарылатын өнімді және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алушылармен шарттардың және (немесе) шарттар жобаларының тізілімі (контрагенттің атауы, шикізаттың немесе өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің атауы, жеткізу көлемі, шарттың жасалу күні мен мерзімі, шарттың құны);

4.9 балама өнім берушілер мен сатып алушылардың бар-жоғы туралы ақпарат;

4.10 негізгі бәсекелестер туралы ақпарат және олармен салыстыру;

4.11 маркетингтік стратегия (өткізу стратегиясы);

4.12 шығарылатын өнімге және (немесе) көрсетілетін қызметтерге қойылатын барлық реттеушілік талаптардың сақталуы жөніндегі ақпарат;

4.13 нарық және жобаның шығарылатын өнімінің және (немесе) көрсетілетін қызметтерінің нарықтағы бәсекелестік позициясы бойынша тұжырымдар.

5. Техникалық бөлім:

5.1 объектінің (-лердің) орналасқан жерін таңдаудың сипаты мен негіздемесі;

5.2 қажетті инфрақұрылыммен (жол-көлік, инженерлік, коммуналдық) қамтамасыз етілу;

5.3 өнімді және (немесе) көрсетілетін қызметтерді өндіру технологиясының сипаты (өндірістік цикл туралы ақпаратты қоса алғанда);

5.4 негізгі жабдықтың сипаты;

5.5 жобадағы сапа және мониторинг (қадағалау) жүйесі;

5.6 өндірістік объектілердің құрылысы бойынша ақпарат;

5.7 техникалық персонал бойынша ақпарат;

5.8 сатып алу тізбесі және сатып алу әдістерін таңдау;

5.9 болжамды немесе таңдалған инжинирингтік және (немесе) жобалау компаниясы туралы мәліметтер (атауы, елі, шарт немесе шарт жобасының болуы, ұқсас жобаларды іске асырудағы тәжірибесі);

5.10 бас мердігерді қоса алғанда, жабдықтарды, технологияларды болжамды негізгі берушілер мен мердігерлер туралы мәліметтер (атауы, елі, тауар немесе сатып алу қызметі, шарт ұсынысының немесе жобасының немесе шарттың болуы, шарттың құны мен валютасы, ұқсас жобаларды іске асырудағы тәжірибе);

5.11 жабдықтардың, технологиялардың балама өнім берушілерінің және мердігерлердің бар-жоғы туралы ақпарат;

5.12 жоба бойынша сатып алудағы (шығыстар сметасында, шығарылатын өнімнің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнында) қазақстандық қамту;

5.13 ұқсас жобаларды елде, өңірде, әлемде іске асыру (ұқсас технологиялардың бар-жоғы) жөніндегі ақпарат.

6. Экологиялық бөлім:

6.1 жобаның қоршаған ортаның жай-күйіне әсері (бар болса, оң және теріс әсері);

6.2 жобаның қоршаған ортаға әсер ету бойынша халықаралық және қазақстандық стандарттар мен нормативтерге сәйкестігі;

6.3 жергілікті халықтың денсаулығы үшін тәуекелдердің алдын алу және (немесе) барынша азайту, ластағыш заттардың шығарындылары мен төгінділерін бақылау, жоба шеңберінде энергия мен су тұтынуды қысқарту, қалдықтарды барынша азайту және қайта өңдеу жөніндегі шаралар мен жүйелер;

6.4 жобада «жасыл» технологиялардың қолданылуы;

6.5 теріс экологиялық салдар орын алған жағдайда оларды жою жөніндегі жоспардың бар-жоғы;

6.6 жобаның климаттық жағдайлардың өзгерістеріне немесе қоршаған ортаның басқа да ұзақмерзімді елеулі өзгерістеріне төзімділігі жөніндегі ақпарат;

6.7 жобаның қоршаған ортаға экологиялық әсері етуін мониторингтеу жүйелерінің бар-жоғы.

7. Жоба бастамашысын қаржылық талдау:

7.1 соңғы есепті кезеңдегі және алдыңғы үш жылдағы негізгі қаржылық көрсеткіштер мен коэффициенттер, тұжырымдар (рентабельділік, өтімділік, төлем қабілеттілігі, борыштық жүктеме, борышқа қызмет көрсету көрсеткіштерін қамтуға тиіс);

7.2 ағымдағы қарыздар бойынша ковенанттардың іс жүзінде сақталуы;

7.3 кредит тарихы және кредиттік рейтинг жөніндегі ақпарат.

8. Жоба бойынша қаржылық болжам:

8.1 қаржылық модельге енгізілген алғышарттар мен жорамалдар;

8.2 пайда мен шығын туралы болжамды есеп және ол бойынша тұжырымдар;

8.3 ақша қаражатының қозғалысы туралы болжамды есеп және ол бойынша тұжырымдар;

8.4 ағымдағы және жоспарланған қарыздар бойынша ковенанттардың болжамды сақталуы;

8.5 айналым капиталына болжамды қажеттілік;

8.6 сезімталдықты талдау бойынша тұжырымдар (ағымдағы және жоспарланатын қарыздар бойынша ковенанттардың сақталуын қоса алғанда);

8.7 стресс-тестілеу бойынша тұжырымдар (ағымдағы және жоспарланатын қарыздар бойынша ковенанттардың сақталуын қоса алғанда);

8.8 жобаның инвестициялық тартымдылығы мен тиімділігінің көрсеткіштері (оның ішінде NPV, IRR, DPP).

9. Жобаны іске асырудан болатын әлеуметтік-экономикалық әсер:

9.1 сандық көрсеткіштер (түрлер бойынша жобадан түсетін салықтық түсімдер, елге шетелдік инвестициялар, шығарылатын өнімнің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің экспорты, импорттың қысқаруы, елдің ЖІӨ-не және қаланың немесе облыстың ЖІӨ-не үлесі, сабақтас салалардан түсетін салықтық түсімдер, уақытша және тұрақты жаңа жұмыс орындарының саны, экономикадағы шығарылымның ұлғаюы, еңбек өнімділігінің артуы, бар болса, мемлекеттің шығыны, ENPV, EIRR, benefit-to-cost ratio; бұл ретте кесте түрінде көрсетіп, пайдаланылған формулаларды немесе есеп-қисап әдіснамаларын келтіру қажет);

9.2 жобаны іске асыру кезінде негізгі мүдделі тараптарға әсері (Үкімет, жоба бастамашысының қатысушылары немесе акционерлері, бизнес-қоғамдастық, жергілікті халық және ел халқы, өзге);

9.3 жобаны іске асыруға шағын және орта бизнесті тарту;

9.4 ҒЗТКЖ-ға салынатын инвестициялардың үлесі (жоба бойынша шығыстар сметасының үлесі);

9.5 жобаның инновациялылығы (елде және әлемде);

9.6 жобаға бюджеттік (мемлекеттік) инвестициялардың жиынтық дисконтталған көлемін жобаны пайдаланудың бүкіл мерзімі үшін төлеуге болжанатын салықтардың жиынтық дисконтталған көлемімен салыстыру.

10. Тәуекелдерді талдау және оларды басқару стратегиялары:

10.1 жобаның тәуекелдері (бизнес-жоспардың әрбір бөлімі бойынша, оның ішінде саяси, санкциялық тәуекелдер, key person risk), олар іске асырылған кездегі салдары, митиганттар (бар болса);

10.2 тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар мен стратегиялар (бизнес-жоспардың әрбір бөлімі бойынша).

11. Жобаны қаржыландыру графигіне сәйкес жобаның бақылау нүктелері (кезеңдері) және нүктелердің әрқайсысында қол жеткізуге арналған жоспарлы көрсеткіштер (жобаның уақтылы іске асырылу барысын қадағалау үшін).

Жобаның қаржылық моделіне қойылатын талаптар

1. Жалпы талаптар:

1) қаржылық модельдің барлық элементтері қарауға және өзгерістер енгізуге қолжетімді болуға тиіс;

2) бастапқы жорамалдарға өзгерістер енгізілген жағдайда қаржылық модельде қаржылық болжамдарды автоматты түрде түзетілуге тиіс;

3) қаржылық модельдегі есеп-қисаптар бастапқы жорамалдарды қамтитын ұяшықтарға немесе формулаларды қамтитын ұяшықтарға сүйенуге тиіс;

4) қаржылық нәтижелер туралы болжамды есеп (бухгалтерлік баланс), пайда мен шығын туралы болжамды есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы

болжамды есеп бір-бірімен байланысты болуға және бір-біріне қайшы келмеуге тиіс;

5) қаржылық модельдің бастапқы жорамалдары мен есеп-қисаптарының нәтижелері бизнес-жоспарда немесе жоба бойынша басқа құжаттарда келтірілген ақпаратқа қайшы келмеуге тиіс;

6) болжамды кезеңнің ұзақтығы – ҚРҰҚ алдындағы міндеттемелерді қаржыландыру және өтеу мерзімінен кем емес;

7) инвестициялық кезеңдегі болжамның қадамы – бір тоқсан. Есептік көрсеткіштер осы қадамды ескере отырып есептелуге және жылдық мәндерге қосылуға тиіс. Пайдалану кезеңіндегі болжамның қадамы – бір жыл;

8) жобамен байланысты жұмыс істеп тұрған бизнес бар болса, қаржылық модель соңғы үш жылдағы қаржылық деректерді қамтуға тиіс;

9) қаржылық модельдің валютасы – қазақстандық теңге (егер сараптама тобы өзгесін сұратпаса), ақша легі нақ сол өткізілетін валюталарда есептелуге, одан кейін қазақстандық теңгеге конвертациялануға тиіс (егер сараптама тобы өзгесін сұратпаса);

10) кассалық алшақтықтардың болуына және ковенанттардың сақталмауына жол берілмейді;

11) есеп-қисаптар ҚҚС-сыз жүргізілуге тиіс;

12) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүргізілуге және мыналарды қамтуға тиіс: корпоративтік табыс салығы, мүлік салығы, әлеуметтік төлемдер, экологиялық төлемдер және өзгелері;

13) дисконттау мөлшерлемесі жобаның бастамашысына байланысты барлық тәуекелдерді ескеруге тиіс;

14) қаржылық модельде пайдаланылған макроэкономикалық көрсеткіштер сенімді көздерге негізделуге тиіс.

2. Қаржылық модель мынадай бөлімдерді қамтуға тиіс:

1) мазмұны (қаржылық модельдің шартты белгіленімдері (түсініксізі) бар құрылымы;

2) ықтимал қателерді анықтап, қаржылық модель есептерінің дұрыстығын тексеру парағы;

3) болжам жасауға арналған бастапқы жорамалдар;

4) өндіріс және кіріс болжамы;

5) шығыс болжамы;

6) салықтар болжамы;

7) айналым капиталының болжамы;

8) күрделі шығын, амортизация болжамы;

9) дивидендтердің немесе жоба бастамашысының пайданы бөлуінің болжамы;

10) қарыздарды тарту және өтеу болжамы;

11) қаржылық нәтижелер туралы болжамды есеп (бухгалтерлік баланс);

- 12) пайда мен шығын туралы болжамды есеп;
 - 13) қаражат қозғалысы туралы болжамды есеп;
 - 14) сезімталдықты талдау және стресс-тестілеу;
 - 15) қаржылық коэффициенттерді және жобаның инвестициялық тартымдылығы мен тиімділігі көрсеткіштерін есептеу (оның ішінде рентабельділік, өтімділік, төлем қабілеттілігі, борыштық жүктеме, борышқа қызмет көрсету көрсеткіштері, NPV, IRR, DPP, DSCR);
 - 16) ковенанттардың сақталуын талдау.
3. Қаржылық модельдің есептік парақтарының құрылымы бірізді болуға тиіс.
-